



Жаңатұрмыс негізгі орта мектебі

Келісілді
« Мұғалжар аудандық
әдістемелік орталығы »
ММ Айтбаева Ж.Ж. 
« » _____ 2021 ж

Педагогикалық кеңесте
қаралды .Хаттама №1
Нуриева М.Ж. 

« 31 » тамыз 2021 ж

Бекітемін:
Мектеп директоры
Байғазы М.Ә. 
« 31 » тамыз 2021 ж

«Сөз өнері»

Сынып:4

Қолданушы:
Бастауыш сынып мұғалімі
М.А.Жоламан

2021-2022 оқу жылы

Түсінік хат

«Сөз өнері» атты бұл бағдарлама бастауыш сыныбының 4- сынып оқушыларына арналып жасалған жұмыс. . Бұл бағдарлама «Сауаттылыққа баулу» «Алматыкітап» баспасында шыққан оқыту құралы мен «Қазақ тілі» өзіндік жұмыстар «Өлке» баспасында шыққан оқыту құралына сүйеніп жасалған. Бағдарлама балалар мәдениетінің көрнекті өкілдерінің шығармалары, оқушының жеке тұлға ретінде тұлғаны дағдылы оқу мен сауатты жазу дағдыларының қалыптасуында, мәтінмен жұмыс істеуде алатын орны ерекше. «Сөз өнері» факультативі адамның ішкі рухани жап дүниесі байлығын дамытуға, адамгершілік-имандылыққа тәрбиелеуге, сөз өнерін түсінуге, тілін, қиялын арттыруға мүмкіндік береді.

Оқушының бойында оқырмандық және тілдік дағдыларды қалыптастыру, олардың адамгершілік және әдеби-эстетикалық құндылықтар жөнінде түсініктерін кеңейту жолдары. Білім мазмұнының тақырыптары оқушының дүниетанымын арттыратын және айықса, құршаған дүние туралы дұрыс көзқарасын қалыптастыратын, оның тұлға ретінде өсіп-дамуын қамтамасыз ететін мәселелерді қозғайды.

Сөз өнері оқушы ойын тиянақты, нақты әрі көркем етіп жеткізуіне ғана емес, әрі ой өрісін дамытудағы маңызы ерекше. Оқушының пәнді сүйіп қызығушылығын арттыру үшін ойлау қабілетін дамытатын «Ұйқасын тап», «Кім шапшаң», «Мақал-сөз мәйегі» ойындардың маңызы өте зор. Көркем қабілет қасиеттердің бәрі де ойын арқылы қалыптасады. Бағдарламада қарастырылатын тақырыптар мен практикалық жұмыстар оқушының ойын арқылы ой-өрісін, қиялын шындай түседі.

Теориялық бөлімінде тақырыптың мазмұны терең ашылып, әдіс тәсілдерді орынды пайдаланып, жүйелі білім беріледі. Практикалық бөлімі бойынша сабық нақтылы көрсетіліп, жүзеге асырылады. Сабақты өткізу барысында оқушының ынта-жігері, қызығушылығы, дүниетанымы артады.

Курстың өзектілігі:

-Оқушыларды көркем және әдеби тілмен сөйлеуге дағдыландыру, сөз сөйлеу мәнерін қалыптастыру.

Курстың мақсаты:

- Оқушылардың ана тілін жетік меңгеріп сауатты жазуы
- Оқушыларға халқымыздың жыраулары, ақындары, жазушылары туралы мағлұмат беру
- Оқушылардың тілге, әдебиетке деген ынтасын оятып, қызығушылығын арттыру;

Курстың міндеті:

- Шығармалардың түрлерін оқып білуі;
- Өз бетімен жұмыс жасауы;
- Теориялық мәнін өмір мен тәжірибеде қолдануы;

Курстың практикалық маңызы:

Оқушылардың тақырыпты жетік меңгеріп, сөз элементтерін ұғынуға, жауапкершілік пен жүйелі түрде жұмыс жасауына мүмкіндік береді.

Курстың құндылығы:

Бейімделген курс бағдарламасы сызықтық модель тақырыптық бойынша жасалған

Сабақты жүргізу әдістері:

Теориялық, практикалық сабақтар.

Оқушылардың меңгеруге тиіс білімдерімен дағдылары:

- Оқушылардың өз бетінше шығарма жаза алуы;
- Үйкестерді тауып, олеңге деген бейімділігі;
- Әдебиетті оқуға ден қоюы;

Біліктері:

- Тіл өнерін өз бетімен сараптай алуы;
- Әдебиеттің маңызын, сөз сырларын аша білуі;
- Көркем сөз мәнін жетік білуі;

Оқушылардың білімін бағалау:

- Оқушының әдебиетке, шығармаға деген икемділігімен, шеберлігін көрсетуі;
- Оқушының көркем сөзге құлшынысын, бейімділігін байқап, түрлі жарыстарға қатыстыру;

-Мақтау, мадақтау арқылы ынталандыру, күш жігерін ояту;

- Оқушы өнерінің шыңырау шегі халықаралық, республикалық, облыстық

байқауларға қатысу;

Күтілетін нәтиже: Өсіп келе жатқан жас ұрпаққа көркем, әдеби тілде сөйлеуді, шығайту, дамыту

Тақырыптың мазмұны

Сөз өнері – 34 сағат

2021-2022 оқу жылынан бастап білім беретін негізгі орта мектептің «Сөз өнері» бағдарламасына аптасына 1 сағат бөлінген. Соған орай бағдарламаға бөлінген жылдық сағат саны-34.

Сабақ туралы мағлұмат (2 сағат)

Оқушыларға әдеби тілде әдемі сөйлеудің маңызы мен міндеттері туралы айту. Көркем әдеби кітаптар түрлеріне тоқталу.

Сөз өнері (4 сағат).

Сөз өнеріне тоқталу, түсіндіру. Шешендік накыл сөздерді терең түсіну.

Мақал-сөз мәйегі (6 сағат).

Мақал-мәтелдер, накыл сөздер, ырым-тыйымдар арқылы бағыт-бағдар беру

Оқушылардың ой-өрісін дамытуға негізделген ойындар (3 сағат)

Ой-өрісті дамытуға арналған ойындарының маңызы туралы айту.

Батырлар жыры (6 сағат).

Жырлар туралы түсінік. «Менің қаламымнан туған жырлар».

Мәнерлеп оқу (7 сағат).

Мәнерлеп өлең оқу қабілет дамыту, машықтандыру.

Оқу-тақырыптық жоспар

Сабақ реті	Тақырыбы	Сағат саны	Білім нәтижесі	Оқыту әдіс тәсілдері	Мерзімі
1	Кіріспе	1	Тіл,сөз,көркем сөз,сөз мәнері туралы жалпы түсінік	Ауызша түсіндіру	03.09.2021
2	Сөз өнері	1	Сөз өнері туралы жалпы түсінік беру.	Ауызша,жазбаша	10.09.2021
3	Шешендік сөздер	1	Шешендік сөздердің мәнін ұғыну.	Ауызша,жазбаша	17.09.2021
4	Билер сөзі-нақылдың көзі.	1	Билердің нақыл сөздерінің мәнін түсіну,ұғыну.	Ауызша,жазбаша	24.09.2021
5	Төле би.Қазыбек би. Әйтеке би.	1	Халқымыздың үш биі туралы мағлұмат алу.	Ауызша,жазбаша	01.10.2021
6	Мақал-мәтел-сөз маржаны	1	Мақал-мәтелдердің мағнасын ашу,сөз арасында қолдана білу.	Ауызша	08.10.2021
7	Мақал-мәтелдерді тақырыптық жағынан іріктеу.	1	Мақалдарды мағнасына қарап ажырата білу,қолдану.	Ауызша	15.10.2021
8	Өтірік өлеңдер	1	Өтірік өлең арқылы оқушының қиялын шарттатып,ойлау қабілетін дамыту.	Ауызша,жазбаша	22.10.2021
9	Жұмбақтар құру,жасыру	1	Зейінділік, икемділік,ойлау әрі	Ауызша	29.10.2021

			шеберлік қабілетін дамыту,		
10	«Ырым-тыйымдар»	1	Тыйым сөздер арқылы дұрыс бағыт-бағдар, тәрбие беруді ұғындыру.	Ауызша	13.11.2021
11	«Ақ сандық, көк сандық» ойыны	1	Оқушының ақыл-ойларын жетілдіру. бір-біріне көмек беруге үйрету.	Ауызша, жазбаша	20.11.2021
12	«Ұйқасын тап» ойыны	1	Ұйқастыру, шапшаң ойлау қабілеттерін дамыту	Ауызша,	27.11.2021
13	«Кім көп біледі» ойыны	1	Ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту	Ауызша	03.12.2021
14	Үш арыс	1	Халқымыздың зиялы қауымы туралы білу	Ауызша	10.12.2021
15	«Шешендік өнер»	1	Шешендік өнерге баулу, сөйлеу мәнерін жетілдіру	Ауызша, жазбаша	10.12.2021
16	«Батырлар жыры»	1	Ептілік, батылдық, табандылық қабілеттерін дамыту.	Ауызша	24.12.2021
17	Қобланды батыр жыры	1	Ептілік, батылдық, табандылық қабілеттерін дамыту.	жазбаша	24.12.2021
18	Төрт түлік мал жайындағы өлең-жырлар.	1	Табиғатқа, жан-жануарға деген қамқорлығын арттыру.	Ауызша	07.01.2022
19	Наурыз туралы өлеңдер.	1	Халқымыздың әдет-ғұрыпын, салт-дәстүрін дәріптеу мақсатында	Ауызша, жазбаша	14.01.2022

20	Өлең-сөздің патшасы, сөз сарасы. Абай өлеңдерін мәнерлеп оқу.	1	Мәнерлеп өлең оқу қабілет дамыту, машықтандыру.	Ауызша а	21.01.2022
21	«Өлең, мен сені аялап өтем!» көркемсөз оқу сайысы.	1	Мәнерлеп өлең оқу қабілет дамыту, машықтандыру.	Ауызша а	28.01.2022
22	«Ешкімде ешқашанда ұмытылмайды!» әссе жазу	1	Тарих – өткеннің сабағы, алдағының кейінгіге өнегесі.	Ауызша а	04.02.2022
23	Мен жас қаламгермін!	1	Оқушыны белгілі бір тақырыпқа ізденуге, оны ғылыми не өлең түрінде баяндап беруге дағдыландыру, бойындағы өнерлерін дамыту; Оқушыларды жан-жақты жетілдіру	жазбаша а	11.02.2022
24	Кітап – алтын қазына	1	Мәнерлеп өлең оқу қабілет дамыту, машықтандыру	Ауызша а	18.02.2022
25	Диалог	1	Мәнерлеп өлең оқу қабілет дамыту, машықтандыру	Ауызша а	25.02.2022
26	Монолог	1	Мәнерлеп өлең оқу қабілет дамыту, машықтандыру	Ауызша а	04.03.2022

27	Кітап оқимыз	1	Мәнерлеп өлең оқу кабілет дамыту, машықтандыру	Ауызш а	11.03.2022
28	Сөздерді дұрыс қолдана біл	1	Мәнерлеп өлең оқу кабілет дамыту, машықтандыру	Ауызш а	18.03.2022
29	Шығармашылық жұмыс	1	Өз ойын нақты әрі көркемдеп жазу арқылы жеткізу	Ауызш а	08.04.2022
30	Қазақ халқының салт-дәстүрлері.	1	Халқымыздың әдет- ғұрыпын, салт-дәстүрін дәріптеу мақсатында	Ауызш а	15.04.2022
31	Сырым Датұлы	1	Шешендік сөздер туралы білу	Ауызш а	22.04.2022
32	Бала би	1	Шешендік сөздер туралы білу	Ауызш а	29.04.2022
33	Жиренше шешен	1	Шешендік сөздер туралы білу	Ауызш а	13.05.2022
34	Дауды сөз тоқтатар, Суды сел тоқтатар	1	Шешендік сөздер туралы білу	Ауызш а	27.05.2022

Пәнің аты: сөз өнері

Сыныбы: 4

Сабақтың тақырыбы: Әйтеке бидің шешендігі

Сабақтың мақсаты:

Білімділік: шешендік сөз арқылы қазақ халқының ертерек замандардағы өмірін білуге мүмкіндік беру.

Дамытушылық: оқушыларға шешендік сөзді жаттау арқылы біліктілігін арттыруға, ойлануға, жүйелі жұмыс жасауға үйренуге жағдай тудыру.

Тәрбиелік: адамгершілікке, еңбек етуге, басқаның пікіріне де құрметпен қарауға, өзіне-өзі сын көзбен қарау керектігін байқауға икемдеу.

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі:

-Сәлемдесу, оқушыларды түгендеу.

-Оқушылардың зейінін сабаққа аудару.

2. Үй тапсырманы сұрау:

- Қаздауысты Қазбек би айтқан сөз

3. Жаңа сабақ.

А) Кіріспе әңгіме.

Әйтеке бидің шешендігі

Әйтеке би (1633-1700)- қазақ халқының бірлігін нығайтуға зор үлес қосқан атақты үш бидің бірі. Қазақ елінің бірлікте, тату өмір сүруінің қамын ойлаған қамқоршы болды.

Ашу бар жерде ақыл тұрмайды,

Ашу деген- ағын су,

Алдын ашсаң, арқырар.

Ақыл деген- дария,

Атоссаң, тоқырар.

Ағасы келсе, ардақтап атын байлағандай,
Қонағы келсе, құрметтеп жайлағандай,

Тыңдырымды інісі болса,

Қанат- күйрығы сай болып,

Көңілі жай болып,

Ағаның алар тынысы болса.

Ә) Оқулықпен жұмыс.

1. Оқушыларға тізбектей оқыту.

Б) Сөздікпен жұмыс.

Тоқырау- тоқтау.

В) Дәптермен жұмыс:

1. Әйтеке би адам бойындағы қандай мінез-құлықты сөз етеді.

2. Шешендік сөздің алғашқы бөліміне тақырып ойлап, өз сөзіңмен қысқаша мазмұнын жаз.

3. Кестені тоқтыр.

Билер мемлекет басқару ісіне араласып, Абылай хан тұсында өмір сүрген.

Билер сөзі осы заманға дейін қалай жеткенін болжай аламын.

Билер туралы қосымша қандай оқу керектігін айта аламын.

4. Бекіту.

- Шешендік сөздің бірінші шумағынан қай бөлігін нақыл сөз ретінде алар едің?
- Аға мен іні арасындағы сыйластық туралы айтылған даналық сөзді түсіндір.
- Өзіне ұнаған шешендік сөзді жаттап ал.

Мақалдың мағынасын аш:

Жаксылардың үлгісі-

Жанып тұрған шамдай.

Шешендердің сөздері-

Ағып тұрған балдай.

5. Бағалау.

Пәнінің аты: Сөз өнері

Сыныбы: 4

Сабақтың тақырыбы: Батыр туса – ел ырысы. Батырлар жыры

Сабақтың мақсаты:

2.3 Шығарманың тақырыбы мен негізгі ойды анықтау

2.4 Әдеби шығарманың жанрын анықтау

Күтілетін нәтижелер:

а) Негізгі ойды табады, идеясын түсінеді.

б) Оз ойларын жазбаша жеткізе алады, дәрежесі жоғары сұрақтарға жауап бере алады.

Сабақ түрі: Аралас сабақ, жеке, топпен жұмыс.

Оқытуда қолданатын әдіс-тәсілдер:

Түсіндіру, сұрақ- жауап, диалогтік оқыту, сыни ойлау стратегиялары, жеке, топтық жұмыс,

Сабақ барысы:

Сабақ кезеңдері: Практиканттың іс - әрекеті Оқушының іс- әрекеті

Ұйымдастыру бөлімі:

- Оқушылармен амандасу. - Назарларын сабаққа аудару.

Үй тапсырмасын пысықтау.

Жаңатақырыпты меңгерту.

Оқулықпен жұмыс:

1. Түсініп оқы. Батырлар жыры Ел жұрттың арманы – сыртқы жаулардан қорғанып, тыныштықта өмір сүру. Бұл ерте кездегі жаугершілік заманда қиын болған. Сондайда халық ел қорғайтын батырларды аңсаған. Олардың батырлық, қаһармандық істерін мадақтап, жырға қосқан. Халық шығармаларының көрнекті түрі – батырлар жыры пайда болған. Жырды шығарып, өзі айтушы адамды – жырау деп атайды, ал жырды жаттап алып, таратушы адамды жыршы деп атайды.

2. Түсінгенінді кестеге қысқаша толтыр. Халық шығармасы Басты кейіпкері Не мадақталған Көлемі қандай? Неліктен? Батырлар жыры Ел жұрттың арманы – сыртқы жаулардан қорғанып, тыныштықта өмір сүру. Бұл ерте кездегі жаугершілік заманда қиын болған. Сондайда халық ел қорғайтын батырларды аңсаған. Олардың батырлық, қаһармандық істерін мадақтап, жырға қосқан. Халық шығармаларының көрнекті түрі – батырлар жыры пайда болған. Жырды шығарып, өзі айтушы адамды – жырау деп атайды, ал жырды жаттап алып, таратушы адамды жыршы деп атайды.

Батырлар жыры Батырлар Ержүректілігі, ел қорғағандығы Көлемі әр – түрлі.

Халық шығармасы болғандықтан

3. Түсініп оқы. Жырға сай дауыс ырғағын тандап ал. «Қобыланды батыр» жырын аудионуқсасын тыңдайды. Тізбектеп оқиды. Түсінгендері сұралады.

Сөздік жұмыс: Қыпшақ – қазақ руларының бірі. Қар – қолдың білектен жоғары тұсы. Қарысты- саусақтың иілмей қозғалуы. Сүңгі – найза түрі Тақым – адам санының тізеден жоғары ішкі жағы. Шәрі – қала.

Сергіту сәті: Батырлар жыры әуен тыңдау.

Дәйгермен жұмыс:

1 – тапсырма. Жырдағы көркем бейнелі сөздерді тап. Теңеу затты, нәрсені, құбылыстың белгісін, қасиетін екінші бір нәрсемен салыстыру арқылы көрсететін көркемдік ұғым. Эпитет заттың немесе құбылыстың ерекшелігін, сыр-сипатын бейнелі түрде танытатын поэтикалық ұғым.-

2 тапсырма. Өзің тапқан бейнелі сөздерге сөйлем құраңыз. Топтық тапсырма. Шығармашылық жұмыс. Төмендегі тірек сөздерді пайдаланып өлең құраңыз. 1. Батыр, ел. 2. Ержүрек, батыл. 3. Қорғаушы, қаһарман.

3 Тапсырма. Жырга және сұрақ – деректерге сүйеніп, суреттегі батырларды сипатта. Топтық тапсырма:

Мақалдың жалғасын тап.

1 топ . Батыр туса- ел ырысы. Көз қорқақ қол батыр Болар елдің батырлары бірін – бірі батыр дейді.

2 топ. Ақынның хаты өлмейді, батырдың аты өлмейді Болат қайнауда шынығады. Батыр майданда шынығады.

3 топ Шешен сөз бастайды Батыр қол бастайды. Батырдыжауда сына, досыңдыдауда сына

Рефлексия

Мен бүгінгі сабақты % түсіндім. 100, 75, 50, 25 Сабақты % түсінгендерін жазады.

Бағалау: «Отпашу» әдісі

Бағдарламаны негізгет ала отырып

3. Қабдоловтың «сөз өнері» (әдебиет теориясы негіздері) оқулығын және №12 2009 жылғы қазақ тілі мен әдебиет журналының «мәнерлеп оқу» арнайы курс бағдарламасын негізге алдым.

Бағдарлама аптасына 1 сағат, жылына 34 сағатқа құрылған.

**Қосымша пайдаланылған әдебиеттер мен
көмекші құралдар:**

1. «Сөз өнері» (әдебиет теориясы негіздері) оқулығы. З. Қабдолов
2. «Мәнерлепоқу» арнайы курс бағдарламасы. Қазақтілі мен әдебиет журналы №12 2009ж.
3. «Мынбірмаржан» А.Сейдімбеков «Өнер»
4. «Қазақтың би шешендері» «Жалын»
5. Пайдаланған әдебиеттер
6. 1. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы.
7. 2. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
8. 3. М. Қоянбаев. «Жалпы бастауыш білім беру педагогикасы» 2005 жыл.
9. 4. «Қызықты грамматика» жұмыс дәптері. «Алматы кітап» баспасы 2012 жыл
авторы: З. Муфтибекова.
10. 5. «Қазақтілі» өзіндік жұмыстар. 4-сынып Алматы «Өлке» баспасы 2011 жыл.
11. Авторлары: К. Ерешева, Г. Сүйіндікова